

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТИ

**ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
МӘЖІЛІСІНІҢ № 1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

20. 09.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – аға оқытушы М.Н.Шаханбаев Е.Ауелбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Б.Қ.Мұхамеджанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі аға оқытушы Е.Б.Мамбетаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, ҚР Мәдениет қайраткері А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.И.Алтынбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасы, п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.Б.Есентаев, АК мүшесі, академиялық персонал – АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, PhD, аға оқытушы А.О.Рахымжанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, подполковник С.Т.Мамбеталиев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – М.Шоқай атындағы №24 мектеп-лицей директоры Е.К.Рысбеков, АК мүшесі, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ – мектеп – лицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумова.

Күн тәртібінде

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігіне» (АРТА) постмониторинг есебін дайындау (7М01404-Денешынықтыру және спорт).

Тыңдалды:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу АК төрағасы М.Шаханбаев: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу. Бүгінгі күні жоспарда жалпы академиялық комитет атқаратын жұмыстарды және ережелерді таныстырып, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын құрып талқылайық. АК жұмысын ұйымдастыру бойынша осы оқу жылында ББ бағдарламасының ішкі аудитын ұйымдастырып қажет болған жағдайда мазмұнын жаңарту, Бірлескен ББ бағдарламасын әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру мәселесі сөз болды. АК- кадрларды даярлау бағыты бойынша БББ әзірлеп, Реестрде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде жаңартуды қамтамасыз ету. Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша осы ББ сапасын үздіксіз жаңарту және нарықта сұранысқа ие болу мақсатында жұмыс жасаймыз.

АК мүшесі, п.ғ.к. Ә.Б.Күздеубаева: Бірінші мәселе бойынша, АК жұмысы ұйымдастырылып «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша Ж.Ташенов атындағы №23 ІТ – мектеп – лицейі КММ

директоры Ж.Ж.Азретбергеновамен және Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумовамен және М.Шоқай атындағы №24 мектеп-лицей директоры Е.К.Рысбековпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді. АК мүшесі, магистр оқытушы Н.Б.Есентаев: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша АК жұмыс тобы құрылды, осы бойынша ұсыныс берілді. 6B014, 7M014 — Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді. Ережелер таныстырылды. АК жұмыс жоспарына бүгінгі өзекті болып жатқан оқу үдерісіне атқарылған іс шаралар толығымен енгізілді.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша АК мүшелерінің «Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» (АРТА) үшін жасаған (7M01404-Денешынықтыру және спорт), постмониторинг есебі дайындалып өткізілді. Есеп қабылданды.

АК төрағасы М.Шаханбаев: Құрметті АК мүшелері ББ даярлау бағыты бойынша іс-шаралар өте ауқымды. Жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады. Жұмыс берушілердің ұсынымдарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламасын жаңарту, түлектердің тәжірибеге бағдарлануын арттыру және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында ББ сараптамасын жүргізу өз нәтижесін береді.

Шешім: «6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу мәлімет үшін назарға алынсын. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

АК төрағасы:  М.Шаханбаев

Хатшысы:  К.Касимбекова